



ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы ішкі тәртіп Ережесі (бұдан әрі-Ереже) ЖМ "Максат" Орал жоғары медициналық колледжінің (бұдан әрі-Колледж) локалды нормативтік акті болып табылады, қызмет тәртібін, мінез-құлық, өзара іс-қимыл және қарым-қатынас барысында білім алушылардың білім беру үрдісін және өзге де қызметін реттейді.

1.2. Бұл Ереже ҚР "Білім туралы" Заңы, "Білім ұйымдарының Типтік қызмет ережелерін (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17 мамыр 2013 жыл № 499 қауылысымен бекітілген), өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен және колледж Жарғысына сәйкес әзірленді.

2. КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. Колледж білім алушыларына студенттер жатады.

Директордың бұйрығымен ТЖКБ білім беру бағдарламасымен оқуға қабылданған тұлға студент болып табылады.

2.2. Колледж студенттері міндетті:

2.1.1. МЖМБС талаптарына сәйкес мамандығы бойынша терең теориялық білімдер мен практикалық дағдыларын меңгеруге, өз бетімен еңбек қызметін атқаруға дайындалу.

2.1.2. Өздігінен білімдерін толықтыру және оларды іс жүзінде кеңінен пайдалана білу.

2.1.3. Оқу жоспарларына және кәсіби білім беру бағдарламаларына сәйкес белгіленген мерзімде орындауға қарастырылған барлық тапсырмаларды орындау.

2.1.4. Оқу процесінің кестесіне сәйкес сабақтарына кешікпей қатысуға міндетті. Сабаққа қатыспаған жағдайда Колледж әкімшілігіне себебін хабарлауға тиісті.

2.1.5. Үнемі өз мәдени деңгейін арттыру, салауатты өмір салтын ұстану, рухани және дене бітімін жетілдіруге ұмтылу.

2.1.6. Сыпайы болуға және басқа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге.

2.1.7. Сөйлеу және сыртқы мәдениетті сақтауға.

2.1.8. Колледжде және қоғамдағы моральдық-этикалық мінез-құлық нормаларын сақтауға. Колледж қызметкерлеріне, оқытушыларға, қызмет көрсететін персоналға және келушілерге, сондай-ақ басқа да білім алушыларға құрметпен қарауға. Бұзақылық, нормаға жатпайтын лексиканы пайдалануға жол бермеуге.

2.1.9. Қоғамға қарсы көріністерге жол бермеу. Өз халқының, басқа да ұлттар мен ұлыстардың дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын құрметтеуге.

2.1.10. Оқытушылардың жеке абыройын сыйлау. Колледждің оқу-тәрбие жұмысының жоспарымен көзделген іс-шараларына қатысу.

2.1.11. Қоғамдық-пайдалы еңбекке қатысуға (оқу аудиторияларының кезекшілігіне, сенбіліктерге және т. б.).

2.1.12. Колледж мүлкіне, құрал-жабдықтарына мұқият қарау және сақтау. Белгіленген тәртіпке сәйкес бүлінген және сындырылған жабдықтар мен мүлікті, Колледжге келтірілген шығынды өтеу.

2.1.13. Колледж ішінде, сондай-ақ оған іргелес аумақта тазалық тәртібін сақтау.

2.1.14. Қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай орындау.

2.1.15. Колледж Жарғысы, осы Ереже, оқу шарты талаптарын сақтауға.

2.1.16. Кәсіби практика өту кезінде медициналық ұйымдарда және емдеу мекемелерінде еңбек тәртіп ережелерін орындауға.

2.1.17. Ұқыпты болу және әдемі сыртқы түрін сақтауға. Оқу сабақтарына қатысуға тек арнайы киіммен - ақ халат және медициналық қалпақ, клиникаға дейін кабинеттерде, зертханаларда міндетті түрде екінші аяқ киім, дене шынықтыру сабақтарына спорттық костюм және спорт аяқ киімінің болуы.

2.1.18. Шартта белгіленген мерзімде (ақылы топта оқитын студенттер) оқу ақысын төлеу.



ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

2.3. Колледж студенттеріне тыйым салынады:

2.3.1. Колледж және оның аумағында:

- жарылғыш немесе тез тұтанғыш заттар, механикалық тозаңдатқыштар, аэрозолды және басқа да құрылғылар, жарылатын, сындыратын, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіргіш заттармен (газ баллондарды) және қарудың басқа да түрлерін;

- спирттік ішімдіктерді, есірткі, уытты заттар кез келген тәсілмен әкелуге және пайдалануға.

2.3.2. Оқу аудиторияларында сабақ уақытында ұялы телефондар мен басқа ұялы құрылғыларды пайдалануға; ұялы телефондар мен басқа ұялы құрылғылар әр түрлі дыбыстық әсерлерді сабақтар арасындағы үзілістерде қолдануға.

2.3.3. Колледж ішінде және жақын аумағында темекі шегуге.

2.3.4. Колледж ішінде және аумағында, сондай-ақ Колледж мәдени және көпшілік ісшараларды өткізу орындарында, алкогольдік, есірткілік немесе құмарлық масаң күйде келуге.

2.3.5. Колледж аумағына ақ халатпен шығуға.

2.3.6. Сабақ басталғанға дейін, үзілістерде және аяқталғаннан кейін сырт және бас киіммен жүруге, шулауға және әдепсіздік танытуға.

2.3.7. Колледж ішінде және аумағында фото-бейнетүсірілім жүргізу, сондай-ақ көрсетілген бейнелері бар фото-бейнематериалдарды мессенджерлерде, элеуметтік желілерде және интернет желісінде орналастыруға.

2.3.8. Оқу үрдісі кезінде колледж асханасынан тыс жерде (аудиторияларда, кітапханада) тамақ пен сусын ішуге.

2.3.9. Колледждегі оқу сабақтарына балаларын ертіп келуге.

2.3.10. Электр аспаптарын, оқу және клиникалық аппаратураны, компьютерлерді, көбейту және басқа да ұйымдастыру техникасын өз бетінше (оқытушының бақылауынсыз) пайдалануға.

2.3.11. Колледж қабырғасында студенттерге қандай да бір дін мен діни сенімнің нышандарын көрсетуге, соның ішінде діни киім киюге, колледж қабырғасында қандай да бір дінді қолдануға тыйым салынады, бұл Еуропалық соттың ұстанымына сәйкес басқа адамдардың нанымына қол сұғу болып табылады.

Киімге қойылатын талаптар: хиджаб киюге, орамал тағуға тыйым салынады, өйткені кез-келген атрибутика, символ, элемент қандай-да бір жолмен олар сілтеме жасайтын дінді насихаттауды білдіреді.

Барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететін зайырлылық принциптері кез-келген діннің артықшылығына жол бермейді.

Колледж қабырғасында хиджаб киюге, орамал тағуға тыйым салу зайырлылық қағидаттарына сәйкес оқу орнының ішкі тәртібін сақтау мақсатында енгізілді. Колледжден тыс бұл мәселе бойынша тыйым салулар қолданылмайды.

Мынадай ережелерді ұстану қажет:

- колледж ережесіне сай қабылданған үлгідегі медициналық халатты міндетті түрде киіп жүру, медициналық бас киім;

- практикалық сабақта, базалар жағдайында-тек қана медициналық халат немесе костюм және қабылданған үлгідегі медициналық бас киім кию.

2.4. Колледж басшылары, оқытушылар аудиторияға кірген кезде студенттер тұрып қарсылайды. Сабақ кезінде студенттер оқытушылар мен білім алушылардың түсініктемелері мен жауаптарын мұқият тыңдауға, сөйлеуге және басқа істермен айналыспауға, оқытушының барлық нұсқауларын орындауға міндетті. Сабақ уақытында оқытушының рұқсатымен ғана қойылған сұрақтарға жауап беруге, отыруға, тұруға болады. Сабақ кезінде аудиториядан оқытушының рұқсатымен ғана шығуға міндетті.



ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

2.5. Сабақ уақытында оқу аудиторияларында белгіленген режимін, жабдықтармен, құрал-саймандарды және қауіпсіздік техникасы ережелерін ұқыпты сақтауға. Колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз заттар мен түрлі құрал-жабдықтарды шығаруға тыйым салынады.

2.6. Сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептер бойынша сабаққа келмеген кезде, студент үш күндік мерзімде топ жетекшісіне немесе бөлім меңгерушісіне хабар етуі, содан кейін медициналық анықтама немесе басқа ақтаушы құжатты ұсынуға міндетті.

2.7. Әр студент өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға.

2.7.1. Әрбір оқу жылына оқу тобында ең үздік, тәртіпті және ұйымдастыру қабілеті бар студенттер ішінен староста тағайындалады. Топ жетекшісі басшылығымен старостасы жұмыс істейді. Староста өз тобында әкімшіліктің барлық өкімдері мен нұсқауларын іске асырады.

2.7.2. Староста міндетіне:

- студенттер арасында тәртіп сақтауды қадағалау;
- белгіленген нысандағы күнделікті оқу сабақтарына қатысу журналын жүргізу;
- ай сайын топтың сабаққа қатысуы туралы старостатта есеп беру;
- топтың ішкі тәртіп ережелерін сақтау;
- оқу-зертханалық жабдықтарды сақталуын қадағалауды және оқу сабақтарының кестедегі енгізілетін өзгерістер туралы хабар жеткізу;
- топ жетекшісіне қажетті құжаттаманы жүргізуге көмектесу.

Студенттер старосталардың, өкім шегінде, бекітілген нұсқауларын орындауға міндетті.

2.8. Колледж студенттері құқылы:

- мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес және қазіргі заманғы даму деңгейіне сәйкес ғылым мен технологиялар бойынша білім алуға;
- қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- колледж жүзеге асырып отыратын ғылыми-зерттеу, инновациялық қызметтерге, педагогикалық қызметкерлердің басшылығымен жүзеге асырылып отыратын ғылыми үйірмелерге, спорт секцияларына қатысуға;
- білім беру процесінің шарттары мен талаптары туралы ақпарат алуға;
- колледждегі білім беру қызметін ұйымдастыруды реттеп, жүзеге асыратын құжаттармен және мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, Жарғымен, білім беру қызметін жүзеге асыру лицензиясымен және т. б танысуға;
- өз білімін, іскерлігін және дағдыларын бағалау, сондай-ақ осы бағалау критерийлері туралы толық ақпарат алуға;
- колледждің оқу жоспарында қарастырылмаған іс-шараларға еркін қатысуға;
- оқуын жалғастыруға және қайтадан қабылдануға (басқа оқу орындарынан шығып келген жағдайда);
- өз таңдауы бойынша басқа оқу түріне немесе басқа оқу орнына ауысуға;
- өзін-өзі басқару органдары арқылы колледж қызметінің маңызды мәселелерін талқылап, шешім қабылдауына қатысуға;
- колледждің локалды нормативтік актілерімен белгіленген тәртіп бойынша кітапханалар мен ақпараттық ресурстарды, оқу орындары мен басқа да бөлімшелерінің қызметтерін тегін пайдалануға;
- колледждің қоғамдық жұмысына белсенді қатысуы және оқу, спорттық, ғылыми, шығармашылық және инновациялық қызметтегі табыстары үшін (моральдық немесе материалдық) көтермелеу;
- білім беру бағдарламасын меңгеруде біліммен еңбекті қоса алып жүруге; - өз еркімен, денсаулық жағдайына, басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты колледжден шығуға;



ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

- олардың адамдық қадір-қасиетін құрметтеу, ар-ождан бостандығына, ақпаратқа, өз көзқарастары мен нанымдарын еркін білдіруге.

3. ОҚУ САБАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Колледжде алты күндік оқу аптасы бекітілген. Сабақтардың басталуы және аяқталу уақыты: - сабақтың басталуы - 8.30. - сабақтың аяқталуы - 18.40.(алтыншы сабақ).

3.2. Сабақтар топтық. Аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін оқу сағатының ұзақтығы 45 минут белгіленеді. Ұзақтығы, академиялық сабақ – 90 минут. Сабақтар арасында 10 минуттық үзіліс қарастырылған.

Түскі үзіліс ("үлкен үзіліс") – 11.40 дейін 12.10. 30 минутты құрайды.

3.3. Әр сабақтың басталуы мен аяқталуы қоңырау арқылы хабарландырылады.

Оқу сабақтарының режиміне өзгерту енгізу колледж әкімшілігінің келісімімен рұқсат етіледі.

3.4. Колледждегі оқу сабақтары директордың оқу ісі жөніндегі меңгерушісі мен оқу бөлімі жасап, директор бекіткен оқу кестесі бойынша жүргізіледі. Қолданыстағы оқу жоспары бойынша жасақталған сабақтар кестесі күнінен кешіктірмей сабақ басталғанға дейін бір апта бұрын ақпараттық тақтаға ілінеді. Студенттердің міндетті оқу сабақтарының жүктемесі МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес апталық нормалардан аспауы тиіс. Демалыс ұзақтығын қысқартуға жол берілмейді.

3.5. Оқу сабақтары басталғанға дейін және арасындағы үзілістерде әрбір оқытушылар мен зертханашылар қажетті оқу құралдарды, аппаратура, жабдықтар және құрал-саймандарды дайындайды. Барлық оқу кабинеттерінде және зертханаларында сабақ уақытында тазалық пен тәртіпті өзіне-өзі қызмет көрсету негізінде студенттер қамтамасыз етеді.

3.6. Белгіленген нысан бойынша әрбір оқу сабақтарында оқу журналы жүргізіледі. Сабақ өткізуге арналған журнал оқу бөлімінде сақталады, оқытушыға сабаққа беріледі, сабақ аяқталғаннан кейін белгіленген орнына қайтарылады.

3.7. Сабақ уақытында үзіліске дейін оқу аудиториясына кіруге тыйым салынады. Ерекше жағдайларда аудиторияға кіру құқығын колледж директоры және оның орынбасарлары пайдалана алады. Бөгде адамдар (колледж қызметкерлері емес) сабақтарға колледж директоры немесе оның орынбасары рұқсатымен ғана қатыса алады. Оқу сабағының қалыпты барысы үшін сабақ басталғаннан кейін барлық оқу және оларға жақын орналасқан үй-жайларға қажетті тыныштық пен тәртіп қамтамасыз етілуі тиіс. Оқу сабақтары кезінде сабақты үзуге, аудиторияға кіруге және аудиториядан шығуға болмайды.

4. ОҚУ САБАҚТАРЫН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

4.1. Мамандығы бойынша белгіленген мерзімде дәлелсіз себептермен оқу жоспарын орындамағаны, моральдық-этикалық мінез-құлық нормалары тәртібінің бұзылуы, колледж мүлкіне зиян келтіруі, өзге де міндеттерді орындамауы, Жарғымен қарастырылған, ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін, студенттерге тәртіптік жаза қолданылады:

- ескерту;

- сөгіс;

- колледжден шығару.

4.1.1. Әкімшіліктің тарапынан келесі жағдайларда оқудан шығаруға жол берілмейді ауруы, демалыс, академиялық демалыс, жүктілікке және босануға байланысты демалыс кездерінде.

4.2. Колледжден оқудан шығару:

4.2.1. Студентті оқудан шығару төмендегі жағдайларда колледж директорының бұйрығымен ресімделеді:

4.2.1.1.- колледжді ерікті қалдыруы:

- студенттің, ата-аналарының (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша;



ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

- соңғысының келісімімен тиісті деңгейдегі басқа білім беру мекемесіне ауысуына байланысты;
- денсаулық жағдайына байланысты;
- қайтыс болуына байланысты.

4.2.2. Колледж Жарғысын бұзуына байланысты Педагогикалық Кеңесінің шешімі бойынша оқудан шығарылуы жүргізіледі, атап айтқанда:

- академиялық үлгермеушілігі;
- білім беру қызметтерін көрсету барысында шарттың талаптарын бұзғаны үшін;
- бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны үшін;
- демалыс аяқталғаннан кейін оқу сабақтарына кіріспегені үшін;
- студенттің оқу сабақтарын дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қалдырып және себептерін растайтын тиісті құжаттардың болмауына байланысты. Студенттер "академиялық үлгермеушілігі" үшін колледжден шығарылады:
- белгіленген мерзімге дейін академиялық берешегін жоймағаны үшін;
- емтихандық сессия кезінде үш немесе одан да көп қанағаттанарлықсыз бағасы болса.

Студенттер бірнеше рет әкімшілік жауапкершілікке тартылғаны үшін Колледжден шығарылады:

колледж аумағында және іргелес жерде қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін;

- колледждің әкімшілік және педагогикалық құрамының ар-намысын қорлауы;
- колледжде алкогольдік, есірткілік немесе токсикологиялық қалпында болуы;
- басқа студенттермен төбелес шығарғаны және басқа да құқыққа қайшы іс-әрекеттері үшін;
- колледж қызметкерлерінің жұмысына іріткі салып, мемлекеттік мүлікке, колледж, білім алушылардың мүлкіне зиян келтіріп, жарылғыш немесе улы заттарды әкелгені үшін.

4.2.3. Колледждің басқару органының шешімі бойынша келесі жағдайларда оқудан шығаруға жол берілмейді - ауруы, демалыс, академиялық демалыс, жүктілікке және босануға байланысты демалыс кездерінде

4.2.4. қосымша негіздер бойынша оқудан шығарылуы:

- мерзімді әскери қызметке шақырылуы;

4.2.5. Барлық жағдайларда кәмелетке толмаған студентті оқудан шығару үшін кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының келісімі талап етіледі. Мәселені қарау үшін колледж әкімшілігінен кәмелетке толмаған студент туралы Педагогикалық Кеңесінің шешімі мен студенттің мінездемесінің көшірмесі жіберіледі. Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының келісімін алғаннан кейін, колледж директорының бұйрығымен студент оқудан шығарылады.

Колледждің педагогикалық кеңесінде қаралды және мақұлданды

31.08.2023ж. №1 хаттама